**Аннотация.** *Ziziphora* – негізінен Орталық Азияда, Шығыс Еуропада және Қытайда өсетін ерінгүлділер тұқымдасына жататын дәрілік өсімдік. Бұл өсімдік түрлері биологиялық белсенді қосылыстарға бай және олардың әртүрлі және кең ауқымды фармакологиялық қасиеттерімен танымал. *Ziziphora bungeana* Juz. – олардың ішіндегі ең маңызды түрлерінің бірі. Бұл зерттеу *Z. bungeana*-ның фитохимиялық және фармакологиялық зерттеулеріне, әсіресе спектроскопиялық әдістерді қолдану арқылы оның метанол сығындысын талдауға және оның бактерияға қарсы белсенділігін бағалауға бағытталған. Зерттеудің мақсаты – *Ziziphora* түрлеріне қысқаша шолу жасау, сонымен қатар *Z. bungeana* метанолды сығындысының құрамы мен биологиялық қасиеттерін зерттеу. FTIR спектроскопиялық талдау сығындыда бар негізгі биоактивті қосылыстарды анықтау үшін қолданылды. Нәтижелер айқын фармакологиялық қасиеттерімен белгілі флавоноидтардың, фенолды қосылыстар мен терпеноидтардың болуын көрсетті. Бұдан басқа, сығындының бактерияға қарсы белсенділігі агар диффузиялық әдістерін қолдана отырып, бірнеше патогенді бактерия штаммдарына қатысты бағаланды. Нәтижелер метанолды сығындының, әсіресе грам-оң *B. subtilis* штаммына және грам-теріс *E. coli*, *P. aeruginosa* штаммдарына қарсы бактерияға қарсы әсері барын көрсетті, бұл оның табиғи бактерияға қарсы агент ретінде әлеуетін көрсетеді. Жалпы, бұл зерттеу *Z. bungeana*-ның химиялық құрамы мен фармакологиялық әлеуеті туралы құнды ақпарат береді. Нәтижелер дәрілік өсімдіктер туралы білімді кеңейтуге ықпал етеді және осы түрдің фармацевтикалық және емдік мақсаттар үшін маңыздылығын көрсетеді. Болашақ зерттеулерде байқалған бактерияға қарсы әсерлерге жауапты арнайы биоактивті қосылыстарды бөліп алуға және олардың әсер ету механизмдерін одан әрі түсіндіруге назар аудару керек.

**Түйін сөздер:** *Lamiaceae*, *Ziziphora*, экстракция, метанолды сығынды, ИҚ-Фурье спектроскопиясы, бактерияға қарсы белсенділік

© С.К. Рахимова<sup>1</sup>, Р.И. Джалмаханбетова\*<sup>1</sup>, Г.К. Мукушева<sup>2</sup>,  
А.А. Асылбекова<sup>3</sup>, Ж.Ж. Жумагалиева<sup>4</sup>, 2025.

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,  
Астана, Казахстан;

<sup>2</sup>Карагандинский университет имени Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан;

<sup>3</sup>Республиканское государственное учреждение «Каратауский государственный  
природный заповедник», Кентау, Казахстан;

<sup>4</sup>Педагогический институт, Международный университет Астана,  
Астана, Казахстан.

\*E-mail: rjalmakhanbetova@gmail.com

## СПЕКТРОСКОПИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ МЕТАНОЛЬНОГО ЭКСТРАКТА *ZIZIPHORA BUNGEANA* JUZ. И ИЗУЧЕНИЕ ЕГО АНТИБАКТЕРИАЛЬНОЙ АКТИВНОСТИ

Рахимова Сохиба Кахрамонкызы — бакалавр студент кафедры химии, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан,

E-mail: sohibar571@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0006-0325-3996>;

Джалмаханбетова Роза Илемисовна — доктор химических наук, ассоциированный профессор кафедры химии, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан,

E-mail: rjalmakhanbetova@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-9937-275X>;

Мукушева Гулим Кенесбековна — кандидат химических наук, ассоциированный профессор кафедры неорганической и технической химии, Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан,

E-mail: mukusheva1977@list.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-6706-4816>;

Асылбекова Акбота Айтуганкызы — научный сотрудник Республиканского государственного учреждения «Каратауский государственный природный заповедник», Кентау, Казахстан,

E-mail: bota\_87\_kz87@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0001-9834-7381>;

Жумагалиева Жаркын Жакиевна — кандидат химических наук, доцент Педагогического института, Международный университет Астана, Астана, Казахстан,

E-mail: zharkyn.73@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0002-0993-008X>.

**Аннотация.** *Ziziphora* - лекарственное растение семейства яснотковых, произрастающее преимущественно в Средней Азии, Восточной Европе и Китае. Эти виды растений богаты биологически активными соединениями и известны своими разнообразными и широким спектром фармакологических свойств. *Ziziphora bungeana* Juz. – один из важнейших видов среди них. Это исследование фокусируется на фитохимическом и фармакологическом исследовании *Z. bungeana*, в частности, на анализе его метанольного экстракта с использованием спектроскопических методов и оценке его антибактериальной активности. Целью исследования является предоставление краткого обзора различных видов *Ziziphora*, также изучения состава и биологические свойства метанольного экстракта *Z. bungeana*. Спектроскопический анализ FTIR использовался для идентификации основных биоактивных соединений, присутствующих в экстракте. Результаты показали наличие флавоноидов, фенольных соединений и терпеноидов, которые известны своими выраженными фармакологическими свойствами. Кроме того,

антибактериальная активность экстракта была оценена против нескольких патогенных штаммов бактерий с использованием методов диффузии в агаре. Результаты показали, что метанольный экстракт проявил антибактериальный эффект, в отношении особенно против грамположительного штамма *B. subtilis* и грамотрицательных штаммов *E. coli*, *P. aeruginosa*, что предполагает его потенциал в качестве натурального антибактериального средства. В целом, это исследование дает ценную информацию о химическом составе и фармакологическом потенциале *Z. bungeana*. Результаты способствуют расширению объема знаний о лекарственных растениях и подчеркивают значимость этого вида в фармацевтических и терапевтических целях. Будущие исследования должны быть сосредоточены на выделении конкретных биоактивных соединений, ответственных за наблюдаемые антибактериальные эффекты, и дальнейшем изучении механизмов их действия.

**Ключевые слова:** *Lamiaceae*, *Ziziphora*, экстракция, метанольный экстракт, ИК-Фурье спектроскопия, антибактериальная активность

**Кіріспе.** Әлемде әртүрлі емдік қасиеттері бар өсімдіктерден жасалған дәрі-дәрмектерге назар аударылу жалғасуда. Емдік қасиеті бар өсімдіктер қатерлі ісік және жұқпалы аурулармен күресуде жаңа және күшті дәрілік құралдардың әлеуетті көздері ретінде қарастырылады. Бұл фенолдар, алкалоидтар, сапониндер, терпендер, липидтер және көмірсуларды қоса алғанда, осы өсімдіктерде биоактивті қосылыстардың кең ауқымының болуына байланысты. Олардың жанама әсерлері азайып қана қоймайды, сонымен қатар олар антиоксиданттық, қабынуға қарсы, микробқа қарсы және ісікке қарсы қасиеттерді қоса алғанда, биологиялық белсенділіктің кең ауқымына ие болып табылады.

*Lamiaceae* тұқымдасы бүкіл әлемде кездесетін гүлді өсімдіктердің үлкен тобын құрайды. *Lamiaceae* тұқымдасының өсімдіктері медицинада, тамақ өнеркәсібінде және косметикада бұрыннан қолданылған. Бүкіл әлемде дәмдеуіштер ретінде және күшті биологиялық белсенділігі бар метаболиттердің көзі ретінде кеңінен қолданылады. Бұл тұқымдасқа жататын өсімдіктерді барлық дерлік континенттерде кездестіруге болады.

*Lamiaceae* тұқымдасына жататын *Ziziphora* (қазақша атауы киікоты) туысы емдік қасиеттерімен жақсы танымал. *Ziziphora* туысы Еуропа, Африка және Азия жерлерінде кең таралған. *Ziziphora* дәстүрлі медицинада асқазан-ішек ауруларын емдеу үшін карминативті (ішекте газдың артық жиналуын азайту) және ауырсынуды басатын өсімдік ретінде қолданылады. Бұл өсімдіктің басқа қолданылуы диарея мен жүрек айнуын емдеуді қамтиды. Ол әлі күнге дейін халық медицинасында тәбетті ашатын және тыныштандыратын, асқазанды сергітетін және кебулерге қарсы агент ретінде қолданылады. Бактерияға және қабынуға қарсы қасиеттеріне байланысты киікоты сығындыларын балама (дәстүрлі) қолдану жаралар мен тері ауруларын, суық тиюді, лимфа түйіндерінің қабынуын, өкпе абсцессін, астма, ревматизм және бронхитті емдеуде әлі де бар.

*Ziziphora* түрлері флавоноидтар, фенол қышқылдары және терпендер сияқты фитохимиялық қосылыстарға бай. Мәселен, авторлар (Özel, 2005: 115) *Z. taurica*



subsp жапырақтарынан ұшпа компоненттерді оқшаулаған. Ұшқыш компоненттер екі өлшемді газды хроматография–масс-спектрометрия арқылы сипатталды. *Z. taurica* жапырақтарының ұшпа фракцияларында кездесетін негізгі қосылыстар пулегон, терпинен-4-ол, цис-карвеол, транс-карвеол және вербенон болды.

Иран зерттеушісі (Hatami, 2024: 217) *Z. tenuior* тамырының фитохимиялық және фармакологиялық зерттеулерін жүргізген. Тамырынан алынған метанолды және дихлорметанды сығындыларында кездесетін химиялық заттардың құрамын зерттеуді газды хроматография-масс-спектрометрияны қолдана отырып, тамыр сығындысында бұрын осы өсімдік түрінде сипатталмаған  $\beta$ -ситостеролды, силосандарды, триазолидинді және хинолиндерді қоса алғанда, бірнеше қосылыстарды анықтаған. Зерттеу *Z. tenuior* тамырының дихлорметанды және метанолды сығындылары антибиотиктерге төзімді қоздырғыштарға қарсы және антиоксидантты белсенділікті көрсетті.

Сондай ақ, зерттеушілер (Shahbazi, 2017: 3491) Иранның төрт провинциясынан жиналған *Z. clinopodioides* түрінен алынған эфир майларының химиялық құрамын, антиоксидантты және микробқа қарсы қасиеттерін зерттеген. Эфир майлары үлгілерінде, әсіресе карвакродың (74 %) және тимолдың (55,6 %) жоғары мөлшерін анықтаған. Үлгілер *Listeria monocytogenes*, *Salmonella typhimurium*, *Escherichia coli* O157:H7, *Bacillus subtilis*, *Bacillus cereus* және *Staphylococcus aureus* өсуін тежеді. Айқын микробқа қарсы және антиоксидантты белсенділік *in vitro* *Z. clinopodioides* -ты асқазан-ішек ауруларын емдеуде дәстүрлі қолдануды растайды.

Эфир майларының құрамын зерттеуді жалғастыра отырып, иран зерттеушілері (Aghajani, 2008: 387) Ресейде әртүрлі экологиялық жағдайларда өсетін *Z. pamiralaica*, *Z. denticulata*, *Z. tenuior*, *Z. bungeana*, *Z. clinopodioides*, *Z. yuchodcevia*, *Z. pedicelcata* және *Z. persica* түрлерінің эфир майларының құрамын газ хроматографиясы көмегімен зерттеді. Бұл майлардың негізгі компоненттері пулегон және изоментон болды. Антибактериалды сынақ нәтижелері майдың сынақтан өткен бірқатар бактерияларға қарсы белсенділігі бар екенін дәлелдеді. Сондай ақ, авторлар әдебиеттерде көрсетілгендей, *Z. persica* эфир майында (+)-пулегон 79,3 %, *Z. tenuior* майында пулегон 87,1 %, түрік эндемигі *Z. taurica* subsp. *clenioides* құрамында пулегон 81,9 % екендігін келтіре кеткен.

Шыңжаңның әртүрлі аймақтарынан, кезеңдерінен және бөліктерінен алынған кикотының осы түрінің элементтік құрамы микротолқынды пештің көмегімен атомдық абсорбциялық спектрометрия арқылы анықталды. Элементтердің өзгеруі төмендеу тенденциясын көрсетті, жапырақтарда таралған элементтердің құрамы гүлдер мен сабақтардағыға қарағанда жоғары болды. Бұл зерттеу *Z. clinopodioides*-тің хемотаксономиясы, әртүрлілігі, өзгермелі үлгісі, таралуы және метаболизмі туралы кейбір негізгі ақпаратты қамтамасыз ететіндігін көрсетті (Zhang, 2015: 465). Осы Шыңжаң өлкесінен жиналған түрінің бөлме температурасында 70 % этанолмен алынған сығындысын одан әрі дихлорметанмен, қ-бутанолмен және сумен фракциялаған. қ-Бутанол сығындыны одан әрі колонкада  $\text{CHCl}_3$ – $\text{MeOH}$  және  $\text{CHCl}_3$ – $\text{MeOH}$ – $\text{H}_2\text{O}$  еріткіштер қосындысымен хроматографиялап, 5 қосылысты бөліп алған (Ye, 2012: 681).

Авторлар (Zou, 2015: 961) *Z. clinopodioides* түрінің 70 % этанолды сығындысын терең зерттеу нәтижесінде 11 қосылысты бөліп алған. Олардың құрылысын спектроскопиялық әдістермен дәлелдеп, флавоноидтар мен үштерпеноидтарға жататындығын анықтаған. Сонда, метилрозмаринаттың, кофеин қышқылының, лютеолиннің айтарлықтай антиоксидантты қасиетке, ал олеанол қышқылының алғаш рет қызықты антидиабетикалық қасиетке ие екендігін дәлелдеген.

Жеке қосылыстарды бөліп алу үшін өсімдік материалы *Z. clinopodioides* subsp. *bungeana* 96 % этанолмен экстракцияланды. Алынған шикі сығынды гексан және дихлорметанмен дәйекті түрде экстракцияланды және колонкада хроматография арқылы бөлінді. Содан кейін алынған фракциялар Sephadex LH-20, әрі қарай препаративті ЖЭСХ арқылы бөлінді. Нәтижесінде монотерпеноидтар және полифенолдар бөлініп алынды (Whaley, 2023).

*Z. clinopodioides* subsp. жер беті бөлігінің фитохимиялық зерттеулері 20 қосылыстың, соның ішінде бірегей монотерпенді дипероксидимердің оқшаулануына және диабетке қарсы қасиеттері бар үштерпендердің бөлінуіне әкелді (Malanik, 2025).

Зерттеушілер *Ziziphora* түрлерінің өте қызықты, емдік әлеуеті жоғары болуына байланысты ғалымдардың назарын өсімдікке аудару үшін Қазақстан киікотының құрамы және дәрілік қолданылуы туралы жан-жақты зерттеулерін ұсынған (Šmejkal, 2016: 826).

Өсімдік сығындыларында бар биомолекулалар жасыл синтез процесінде металл иондарын нанобөлшектерге дейін азайту үшін пайдаланылуда. Өсімдік нанобөлшектеріне де көп назар аударылуда. Өсімдік сығындылары негізінде алынған нанобөлшектер көптеп белгілі (Vakili, 2022: 241; Ravi, 2022: 124). Зерттеушілер (Sadeghi, 2015: 310) *Z. tenuior* сулы сығындысын қолдана отырып, күміс нанобөлшектерін синтезеді. Сығынды негізінде алынған нанобөлшектер УК-көрінетін спектроскопия, Фурье түрлендіру инфрақызыл спектроскопиясы, рентгендік дифракция, сканерлеуші электрондық микроскопия және трансмиссиялық электронды микроскопия сияқты әдістерді қолдану арқылы сипаттады.

Осы зерттеуде *Ziziphora bungeana* Juz. (көкемарал киікоты) өсімдігіне тоқталдық. Бұл өсімдіктің құрамы биологиялық белсенді қосылыстарға бай болуы, халық емінде және дәстүрлі медицинада кеңінен қолданылатыны қызығушылық тудырады. *Z. bungeana* - бүкіл әлемде өсірілетін көпжылдық өсімдік. Күшті хош иісі мен пайдалы қасиеттерімен танымал дәрілік өсімдік. Одан фенолды қышқылдарды және иридоидтарды (терпеноидтар) бөліп алған (Bimurzaev, 1988: 511). Авторлар *Z. bungeana*-дағы 12 негізгі флавоноидтардың биосинтетикалық жолдарының картасын ұсынған (He, 2020: 73). ЖЭСҚ әдісі *Z. bungeana*-дан кофеин қышқылын, розмарин қышқылын және линаринді анықтауға мүмкіндік берді (Tursun, 2018: 1769). *Z. bungeana* дәрілік өсімдік материалының сулы инфузиясын қолданудың зертханалық егеуқұйрықтардың ақ қанына әсері зерттелген. Сонда, *Z. bungeana* инфузиясы ревматоидты артрит кезінде лейкоциттердің қан құрамын түзетуде тиімді әрекетті көрсетті (Prykhodko, 2023: 83).

Авторлар (Srivedavyasasri, 2018: 195) *Z. bungeana* өсімдігінен (Жоңғар Алатауының етегінен жиналған) эфир майларын бөліп алумен қатар, CO<sub>2</sub>-экстракциясын қолданып, сығындысынан 6 қосылыс бөліп алған және биологиялық белсенділікке зерттеулер жүргізген. Сонымен қатар авторлар *Z. bungeana* өсімдігінің (Түркістан облысынан жиналған) сулы, дихлорметанды және этанолды экстракттарының (RT жағдайында алынған) микробқа қарсы, антиоксидантты және цитоуытты белсенділіктерін зерттеген. Зерттеулер нәтижесі өсімдікті жұқпалы ауруларды, бос радикалдар тудыратын бұзылуларды және тері проблемаларын емдеуде қолдану мүмкіндігін көрсетті (Zhaparkulova, 2022: 8994).

Авторлар келесі зерттеуінде (Karaubayeva, 2024: 13192) жараларға жергілікті қолдануға арналған ақ микронизацияланған каолиниттен және *Z. bungeana* эфир майынан тұратын емдік қоспаның құрамы мен биологиялық белсенділігі туралы хабарлады. Газды хроматография – масс-спектрометрия талдауы *Z. bungeana* өсімдігінің эфир майының негізгі құрамдас бөлігі монотерпен пулегон (72,98 %) екендігін көрсетті. Бұл зерттеулер бойынша инфекцияланған жараларды емдеуге арналған каолинит негізіндегі гель жасау туралы шешім қабылданды, оның микробқа қарсы белсенділігі мен емдік қасиеттері композицияны *Z. bungeana* эфир майымен байыту арқылы жақсаратындығын анықтады.

Жұмыстың мақсаты киікоты түрлеріне шолу жасау және көкемарал киікотының метанолды сығындысының құрамын және қасиетін зерттеу болып табылады.

**Материалдар мен әдістер.** Зерттеу объектісі Түркістан облысы Хантағы жотасынан гүлдену фазасында жиналған *Z. bungeana* өсімдігінің жер беті бөлігі болып табылады. *Z. bungeana* сығындысын алу келесі кезеңдерден тұрады:

- Шикізатты дайындау. Шикізат кептіріліп, ұсақталып келесі кезеңге дайындалады.

- Шикізат үшін экстрагент дайындау. Бұл кезеңдегі маңызды қадам қажетті компоненттерді бөліп алу үшін дұрыс еріткіш таңдау өте маңызды. Еріткіш пен материал бір - біріне үйлесімді және құрамындағы компоненттер үшін еріткіш жақсы таңдалуы қажет.

- Экстракция процесі. Шикізат (20 г) пен еріткішті (100 мл) арнайы колбаға орналастырады. Шикізат пен еріткіш қатынасы 1:2. Экстракция процесін жақсарту үшін су моншасын қолдана отырып, қайнатып жүргізілді. Экстракция 2 сағаттан 2 рет орындалды.

- Фазалық бөлу. Экстракция аяқталған соң қоспаны екі фазаға, яғни яғни сығындыға және шикізатқа бөлінеді. Фазаларды бөлу үшін сүзу әдісі қолданылады.

- Айдау. Фазаларды бөлген соң сығындыны айдау процесі басталады. Роторлы буландырғышта айдау арқылы жүзеге асырылады.

- Өлшеу. Айдалып, тұрақты массаға жеткен соң сығындыны өлшеу қажет. Ол үшін келесі формула қолданылады.

$$\frac{m(\text{сығынды})}{m(\text{шикізат})} * 100$$

Мұндағы:  $m$  (сығынды) – сығындының массасы;  $m$  (шикізат) – экстракцияға қолданылған шикізат массасы. Алынған сығынды салмағы 1,2 г құрады (құрғақ шикізатқа есептегенде 6 %).

Сығындының құрамына ИҚ-спектроскопиялық әдіс бойынша талдау жүргізілді. Инфрақызыл спектрі IRTracer - 100 спектрометрінде түсірілді.

ИҚ-спектрі ( $\nu$ ,  $\text{cm}^{-1}$ ): 3752, 3570, 3539, 3524, 3485, 3471, 3277, 3201, 3076, 3032, 2968, 2902, 1730, 1732, 1734, 1736, 1738, 1740, 1742, 1744, 1746, 1748, 1751, 1757, 1601, 1620, 1630, 1634, 1645, 1651, 1659, 1501, 1514, 1528, 1539, 1549, 1558, 1570, 1582, 1460, 1429, 1395, 1356, 1202, 1223, 1242, 1277, 1294, 1238, 1188, 1169, 1138, 1099, 1055, 1012, 957, 937, 920, 900, 881, 862, 817, 790, 688, 637, 583, 565, 509, 473, 438, 411, 406, 403.


Бактерияға қарсы белсенділік. *Z. bungeana* –дан алынған сығынды бірқатар микроорганизмдерге қарсы жеке тексерілді. Сынауға алынған грам-оң бактерияларға *Staphylococcus aureus*, *Bacillus subtilis*, ал грам-теріс бактерияларға *Escherichia coli*, *Pseudomonas aeruginosa* кіреді.

**Нәтижелер және талқылау.** Көкемарал киікоты (*Ziziphora bungeana* Juz.) Қазақстанда өсетін дәрілік өсімдік болып табылады. Биологиялық белсенді қосылыстардың негізгі көзі болып табылатын көкемарал киікотының жер беті бөлігі метанолмен экстракцияланды. Алынған метанолды экстрактысы буландырғышта айдалып, қою жасыл түсті сығындысы алынды (1-сурет).



1-сурет – *Z. bungeana* өсімдігі сығындысын алу схемасы

Сығынды құрамын анықтау үшін IRTracer – 100 спектрометрі қолданылды. Берілген инфрақызыл спектрі *Z. bungeana* сығындысының химиялық құрамын сипаттайды (2-сурет). Спектрдегі негізгі жұтылу жолағының орындары мен олардың ықтимал функционалды топтарына сәйкестігін талдауға болады. ИҚ – спектрі бойынша  $3200\text{-}3500\text{ cm}^{-1}$  аймақтағы жұтылу жолағы гидроксил тобына сәйкес келеді.  $2900\text{--}3000\text{ cm}^{-1}$  аймақтағы жұтылу жолағы С – Н байланыстарын сипаттайды.  $1700\text{--}1750\text{ cm}^{-1}$  аймақтағы жұтылу жолағы карбонил тобына (терпеноидтар, флавоноидтар немесе органикалық қышқылдар), ал  $1500\text{-}1600\text{ cm}^{-1}$  аймақтағы жұтылу жолағы қос байланыстарға, ароматты сақинаға (терпеноидтар, флавоноидтар) тән болып келеді.  $1200\text{--}1000\text{ cm}^{-1}$  аймағындағы жұтылу жолағы С–О–С байланыстарына сәйкес келеді. ИҚ-спектріндегі негізгі жұтылу жолақтарын талдай отырып, сонымен қатар әдебиеттегі зерттеулерге сүйеніп өсімдік сығындысының құрамында өсімдік құрамында терпеноидты, флавоноидты қосылыстардың болуына болжам жасалды.

2 – сурет – *Z. bungeana* сығындысының ИҚ – спектрі

Зерттеу нәтижелері бойынша өсімдік сығындысының құрамындағы функционалдық топтар анықталды және алғашқы скринингтік нәтижелер алынды.

Сығындының микробқа қарсы әсері грам-оң *Staphylococcus aureus*, *Bacillus subtilis* штамдарына және грам-теріс *Escherichia coli*, *Pseudomonas aeruginosa* штамдарына қарсы препарат гентамицинмен салыстыра отырып зерттелді.

Үлгінің белсенділігі тест-штамдардың өсуін тежейтін аймақтың диаметрі (мм) бойынша бағаланды: тежелу аймағы 10 мм-ден аз болғанда белсенділік байқалмады, 10-15 мм – әлсіз белсенділік, 15-20 мм – орташа белсенділік, 20 мм-ден жоғары – айқын белсенділік ретінде сипатталды. Зерттеу нәтижелері төмендегі кестеде келтірілген (1-кесте).

Кесте 1 - Өсімдік сығындысының бактерияларға қарсы белсенділік нәтижелері

Үлгілер	<i>Escherichia coli</i>		<i>Staphylococcus aureus</i>		<i>Pseudomonas aeruginosa</i>		<i>Bacillus subtilis</i>	
	5 мг	10 мг	5 мг	10 мг	5 мг	10 мг	5 мг	10 мг
<i>Z. bungeana</i> метанолды сығындысы (ZB – 1)	11±0,1	11±0,1	-	-	12±0,3	13±0,2	15±0,1	16±0,3
Гентамицин	23±1		25±1		26±1		25±1	

Зерттеу нәтижесінде *Z. bungeana* сығындысы кейбір бактерияларға қарсы потенциалы бар екенін көрсетеді. Грам-теріс *E. coli* (11 мм) және *P. aeruginosa*. (12 – 13 мм) штамдарына қатысты әлсіз белсенділік, грам-оң *B. subtilis* (15 – 16 мм) штаммына қатысты орташа белсенділігі анықталды.

**Қорытынды.** Зерттеулер нәтижесінде киикоты түрлерінің кең әлеуеті айқындалды. Алғаш рет көкемарал киикотының метанолды сығындысы алынып, оған химиялық скрининг жүргізіліп, биологиялық белсенді қосылыстар анықталды. Метанолды сығындысының *Staphylococcus aureus*, *Bacillus subtilis* грам-оң штамдарына және *Escherichia coli*, *Pseudomonas aeruginosa* грам-теріс штамдарына қатысты бактерияға қарсы әсері анықталды. Алынған нәтижелер зерттеудің осы бағытын одан әрі жетілдіруге және тереңдетуге мүмкіндік

береді. Жалпы алғанда, бұл мақала көкемарал киікотының фитохимиялық және фармакологиялық қасиеттерін жан-жақты зерттеуге елеулі үлес қосып, осы саладағы болашақ ғылыми ізденістер үшін негіз қалыптастырады. Зерттеу нәтижелері аталған өсімдіктің емдік әлеуетін тереңірек түсінуге ықпал етіп, оны фармакология мен медицинада қолдану перспективаларын айқындауға септігін тигізуі мүмкін.

### References

- Aghajani Z., Assadian F., Masoudi S. et al. (2008) Chemical composition and in vitro antibacterial activities of the oil of *Ziziphora clinopodioides* and *Z. capitata* subsp. *Capitata* from Iran. *Chem Nat Compd*, 44. — P. 387–389. <https://doi.org/10.1007/s10600-008-9073-4>. (in English)
- Bimurzaev A.A., Nikonov G.K. (1988) Phenolcarboxylic acids and iridoids of *Ziziphora bungeana*. *Chem Nat Compd*, 24. — P. 511–512. <https://doi.org/10.1007/BF00598551>. (in English)
- Hatami A. (2024) Phytochemical profiling and antibacterial activities of *Ziziphora tenuior* root extracts: a molecular docking against VanA of vancomycin-resistant enterococci. *3 Biotech*, 14. — P. 217. <https://doi.org/10.1007/s13205-024-04056-w>. (in English)
- He J., Yang W., Cheng B. et al. (2020) Integrated metabolomic and transcriptomic profiling reveals the tissue-specific flavonoid compositions and their biosynthesis pathways in *Ziziphora bungeana*. *Chin Med*, 15. — P. 73. <https://doi.org/10.1186/s13020-020-00354-6>. (in English)
- Karabayeva A.A., Bekezhanova T., Zhaparkulova K., Susniak K., Sobczynski J., Kazimierczak P., Przekora A., Skalicka-Wozniak K., Kulinowski Ł., Glowniak-Lipa A., Sakipova Z.B., Korona-Głowniak I. (2024) Antimicrobial Mixture Based on Micronized Kaolinite and *Ziziphora* Essential Oil as a Promising Formulation for the Management of Infected Wounds. *International Journal of Molecular Sciences*, 25(23). — P. 13192. <https://doi.org/10.3390/ijms252313192>. (in English)
- Malanik M., Treml J., Kubínová R., Vávrová G., Oravec M., Marek J., Zhaparkulova K., Ibragimova L., Bekezhanova T., Karabayeva A., Sakipova Z., Šmejkal K. (2025) Isolation of a Unique Monoterpene Diperoxy Dimer From *Ziziphora clinopodioides* subsp. *bungeana* Together With Triterpenes With Antidiabetic Properties. *Phytochemical Analysis*. <https://doi.org/10.1002/pca.3505>. (in English)
- Özel M.Z., Göğüş F., Hamilton J.F. et al. (2005) Analysis of volatile components from *Ziziphora taurica* subsp. *Taurica* by steam distillation, superheated-water extraction, and direct thermal desorption with GC×GC–TOFMS. *Anal Bioanal Chem*, 382. — P. 115–119. <https://doi.org/10.1007/s00216-005-3156-x>. (in English)
- Prykhod'ko S.A., Kustov D.Yu., Kustova O.K., Glukhov A.Z. (2023) The influence of the *Ziziphora bungeana* Juz. extract on the leukogram in rats with a rheumatoid arthritis model. *Bulletin of the State Nikitsky Botanical Garden*. — P. 83–89. (in English)
- Ravi L., Sreenivas B.K.A., Kumari G.R.S. et al. (2022) Anticancer cytotoxicity and antifungal abilities of green-synthesized cobalt hydroxide (Co(OH)<sub>2</sub>) nanoparticles using *Lantana camara* L. *Beni-Suef Univ J Basic Appl Sci*, 11. — P. 124. <https://doi.org/10.1186/s43088-022-00304-1>. (in English)
- Sadeghi B., Gholamhoseinpoor F. (2015) A study on the stability and green synthesis of silver nanoparticles using *Ziziphora tenuior* (Zt) extract at room temperature. *Spectrochim. Acta. A Mol. Biomol. Spectrosc*, 134. — P. 310–315. (in English)
- Shahbazi Y. (2017) Chemical compositions, antioxidant and antimicrobial properties of *Ziziphora clinopodioides* Lam. essential oils collected from different parts of Iran. *J Food Sci Technol*, 54. — P. 3491–3503. <https://doi.org/10.1007/s13197-017-2806-2>. (in English)
- Šmejkal K., Malanik M., Zhaparkulova K., Sakipova Z., Ibragimova L., Ibadullaeva G., Žemlička M. (2016) Kazakh *Ziziphora* Species as Sources of Bioactive Substances. *Molecules*, 21(7). — P. 826. <https://doi.org/10.3390/molecules21070826>. (in English)
- Strivedavyasari R., Zhaparkulova K.A., Sakipova Z.B. et al. (2018) Phytochemical and Biological Studies on *Ziziphora bungeana*. *Chem Nat Compd*, — 54. — P. 195–197. <https://doi.org/10.1007/s10600-018-2296-0>. (in English)
- Tursun D, He J, Hairulla M, Cheng B., Yang W.J., Aliaji D. (2018) Determination of 3 components in

Xinjiang *Ziziphora bungeana* by HPLC. China Journal of Chinese Materia Medica, 43(9). — P. 1769-1773. DOI: 10.19540/j.cnki.cjcm.20180115.013. (in English)

Vakili S., Shabaninejad Z., Ameri M. et al. (2022) Green synthesis, characterization and antibacterial activity of silver nanoparticles by *Biarum chaduchrum* leaf extract. Appl. Phys. — A, 128. — P. 241. <https://doi.org/10.1007/s00339-022-05384-5>. (in English)

Whaley A.O., Ivkin D.Y., Zhaparkulova K.A., Olusheva I.N., Serebryakov E.B., Smirnov S.N., Semivelichenko E.D., Grishina A.Yu., Karpov A.A., Eletckaya E.I., Kozhanova K.K., Ibragimova L.N., Tastambek K.T., Seitliyeva A.M., Terninko I.I., Sakipova Z.B., Shikov A.N., Povydysh M.N., Whaley A.K. (2023) Chemical composition and cardiotropic activity of *Ziziphora clinopodioides* subsp. *bungeana* (Juz.) Rech. Journal of Ethnopharmacology, 315. <https://doi.org/10.1016/j.jep.2023.116660>. (in English)

Ye Y., Bahang, Liu Y. et al. (2012) Chemical constituents of *Ziziphora clinopodioides*. Chem Nat Compd, 48. — P. 681–682. <https://doi.org/10.1007/s10600-012-0348-4>. (in English)

Zhang X., Ding W., Li J. et al. (2015) Multi-elemental analysis of *Ziziphora clinopodioides* from different regions, periods and parts using atomic absorption spectrometry and chemometric approaches. Rev. Bras. Farmacogn, 25. — P. 465–472. <https://doi.org/10.1016/j.bjp.2015.07.021>. (in English)

Zhaparkulova K., Karaubayeva A., Sakipova Z., Biernasiuk A., Gawel-Bęben K., Laskowski T., Kusniyeva A., Omargali A., Bekezhanova T., Ibragimova L., Ibadullayeva G., Jakiyanov A., Czech K., Tastambek K., Głowniak K., Malm A., Kukula-Koch W. (2022) Multidirectional Characterization of Phytochemical Profile and Health-Promoting Effects of *Ziziphora bungeana* Juz. Extracts. *Molecules*, 27(24). — P. 8994. <https://doi.org/10.3390/molecules27248994>. (in English)

Zou G.A., Guo D., Zhao H.Q. et al. (2015) Bioactive Constituents of *Ziziphora clinopodioides*. Chem Nat Compd, 51. — P. 961–963. <https://doi.org/10.1007/s10600-015-1462-x>. (in English)

## **Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct ([http://publicationethics.org/files/u2/New\\_Code.pdf](http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf)). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайтах:

**[www.nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)**

**<http://chemistry-technology.kz/index.php/en/arhiv>**

**ISSN 2518-1491 (Online), ISSN 2224-5286 (Print)**

Ответственный редактор *А. Ботанқызы*

Редакторы: *Д.С. Аленов, Т. Апендиев*

Верстка на компьютере *Г.Д. Жадырановой*

Подписано в печать 29.09.2025.

Формат 60x88<sup>1</sup>/<sub>8</sub>. 18,0 п.л.

Заказ 3.

---

*«Central Asian Academic Research Center» LLP*

*Алматы, Қонаев к-сі, 142*